

Шымкент қаласының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындарды белгілеу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 4908 қаулысы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабы 4-тармағына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындар осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің

2025 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Шымкент қаласының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындар

№	Су нысандарының атауы	Халықтың жаппай демалуына, туризм мен спортқа арналған орындар	Жауапты тұлғалар/ ұйымдар
1.	"Холодильник" демалыс аймағы	Еңбекші ауданы, Тоғыс тұрғын алабы Тоғыс су қоймасы	Жеке кәсіпкер М.В. Брезинская
2.	"Рахат Бадам" демалыс аймағы	Еңбекші ауданы, Бадам-1 тұрғын алабы Бадам су қоймасы	"Рахат Бадам" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

3.	Қошқар ата өзенінің бастауы (бұлақ)	Әл-Фараби ауданы, Қабанбай батыр даңғылы , н/з Бұлақ бастауы	"Асанбай Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
4.	Асанбай Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағындағы көл	Тұран ауданы, Бәйдібек би даңғылы, № 101 Жасанды көл	"Асанбай Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
5.	"Жайлаукөл" демалыс аймағы	Тұран ауданы, Бәйдібек би даңғылы, н/з Жасанды көл	"Нұр-Ғажайып" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі